



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Чандыбаева Гулнур Даутовна
Педагогика және психология кафедрасы,
Х.Досмұхамедоват. 7М01101 магистрі,
Атырау қ., Қазақстан
E-mail: Gul-22.10@bk.ru

Аңдатпа

Мақалада оқу процесі кезінде оқушылардың рефлексивті дағдыларын дамыту және психологикалық түрде қолдау көрсету мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі оқу іс-әрекетіндегі психологиялық-педагогикалық маңыздылығына байланысты қиындықтардың алдын алуға мүмкіндік беруге сонымен қатар оқушыларды рефлексивті дамытуда қолдау көрсетуге тиісті жеке қасиеттерді дамыту арқылы бейімделу әлеуетін арттыру. Рефлексивті дамыту оқушының күшті және әлсіз жақтарының не екенін жақсы түсінуге көмектеседі.

Түйінді сөздер: рефлексия, өзіндік бағалау, рефлексивті оқыту, жаңартылған білім мазмұны, рефлексивті дағды, педагогика-психологиялық қолдау.

Аннотация

В статье рассматривается проблема развития рефлексивных навыков и психолого-педагогического сопровождения учащихся в процессе обучения. Актуальность исследования заключается в том, что позволяет предотвратить трудности, связанные с психолого-педагогической значимостью в учебной деятельности, а также повысить адаптивный потенциал за счет развития личностных качеств, которые должны способствовать рефлексивному развитию учащихся.

Ключевые слова: рефлексия, самооценка, рефлексивное обучение, обновленное содержание образования, рефлексивный навык, педагогико-психологическая поддержка.

Abstract

The article considers the problem of development of reflexive skills and psychological and pedagogical support of students in the learning process. The relevance of the research lies in the fact that it allows preventing difficulties associated with psychological and pedagogical significance in learning activities, as well as increasing the adaptive potential through the development of personal qualities, which should contribute to the reflexive development of students.

Key words: Reflection, self-appraisal, reflection educating, the content of the updated education, reflexive skill, pedagogical and psychological support.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұны аясында білім беру жүйесі кәсіби маман алдына тұлғалық және рефлексивті ойлау дағдыларын дамытуды бірінші орынға қойып отыр. Рефлексия-дамудағы көп қырлы, кіріккен тұлғалық сапаға негізделген әрекет. Сабақтағы рефлексия мұғалім мен оқушы арасындағы оқу үдерісін жақсартуға, әрбір оқушының жеке тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталған бірлескен саралау және бағалаушылық әрекеті. Бұл әрекет психологияда адамның жан дүниесінің өзгеруіне ықпал етсе, ал педагогикада мұғалімнің кәсіби әрекетін және оқушының оқу әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады. Сондықтан оқыту процесінде оқушылардың рефлексивті дағдыларды дамыту маңызды және әр мұғалім оқу процесінде орындалуы тиіс әрекет.

Мұғалім – шебер маман иесі. Неге олай дейтін себебім, ол өз сабағын құрастырушы, көркемдеуші және оны өз талабына сай өзгертіп қолданушы, бастысы, өткізілген әр сабағына рефлексивті есеп беруші. Осының өзі шеберлікке жатады. Рефлексивті дағдылар мұғалімнің қажетті және маңызды сапасы ретінде қарастырылады, ол өзін-өзі талдау және дұрыс қабылдау, мінез-құлқының себептерін, сондай-ақ оның тиімділігі мен қателіктерінің параметрлерін анықтау және талдау, салыстыру кезінде олардың қасиеттерін түсіну қабілеті арқылы көрінеді. Көптеген авторлар өз еңбектерінде рефлексивті дағдыларды білім беру бағдарламалары арқылы, сондай-ақ келесі педагогикалық жағдайларды жасау арқылы дамытуды ұсынады: білім беру бағдарламасы шеңберінде, оқу процесінде білім беру диалогы (оқушы-мұғалім), білім беру өзара әрекеті арқылы субъект-субъектілік қатынастар және педагогикалық қызметті әр түрлі тұрғыдан талдауға үйрету. Осы негізде оқушыға рефлексивті дағдыны дарыту педагогтың орындауы тиіс әрекеті болуы керек. [1, б. 15]

Рефлексия оқушыға не береді? Бұл оқушыларды өзін-өзі бағалауға, өз мінез-құлқына түзетулер енгізуге және дамуына әсер ететін іс-әрекет түрі екені белгілі. Рефлексия ол сонымен қатар жетістік пен сәтсіздік, жеке «менді» түсіну үшін маңызды механизм ретінде түсініледі. Қиындықтар туындаған кезде оқушыға өз әрекеттерін қайта құруға мүмкіндік береді өзгерістерін болжау арқылы жеке тәжірибені қайта қарастыруға жол ашады. Рефлексия оқушыларды оқу үшін жауапкершілікті өзіне алуға итермелейді және бұл олардың мүмкіндіктерін кеңейтеді. Рефлексия есте сақтауды және өзіне сенімділік деңгейін жақсартып алады. Бұл сыныптастармен өзара әрекеттесу және мұғалімдермен тиімді қарым-қатынасты дамыту стратегиясының бөлігі болуы мүмкін. Сондықтан да оқу процесінде оқушыдағы рефлексивті дағдыны қалыптастыру маңызды. [2, б. 48]

Зерттеулер негізінде, оқушы бойында рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер негізі ретінде біз мыналарды қабылдадық:

- 1) рефлексивті әрекетке қабілеттілік;
- 2) рефлексивті әрекетке ынтаның болуы;
- 3) рефлексивті қызметті жүзеге асыру процесі;
- 4) рефлексивті іскерліктер, оған біз мыналарды жатқызамыз:

- дербес мақсат қою;

- жеке жоспарлау.

- іс-әрекет;

- өзін-өзі басқару, яғни өз жоспарының орындалу кезеңдерін бақылау мүмкіндігі;

- қызмет нәтижелерін бағалау;

- қызмет нәтижелерін талдау;

- мақсатқа жету;

- мақсат пен жоспарды түзету;

- жаңа мақсаттар қою. [3, б. 79-80]

Осындай реттіліктегі көрсеткіштерді оқушы бойына қалыптастыру оң нәтиже берері анық.

Маңыздысы, рефлексия оқушыға оқу сапасын арттыруға және жаңа ғылыми тәжірибелерді игеруге көмектеседі. Зерттеулер мен тәжірибе негізінде, төмендегідей рефлексиялық әрекетті мектеп оқушыларына көрсету тиімді оң нәтижесін берді:

1 Ойлан да , әрекет ет. Оқушы бастапқы нүкте ретінде не істегенін және не болғанын, не жақсы болғанын және келесі жолы не істегісі келетіні туралы ойланады. Бұл оқушыға не болып жатқанын үнемі қадағалап отыруға көмектеседі және бұл ақпаратты оқушы оқу үдерісінде тапсырманы өзгерту немесе жоспарлау үшін пайдалана алады. Топтағы әр тәжірибеден немесе лекциядан кейін мен мұғалім сабақ туралы өз ойларын жазуға бір минут жұмсауды сұраймын, олар келесі жолы не істегісі келетінін атап өтеді. Осы жазбаларға қарап, оқушы уақыт өте келе өз тәжірибелерін қалай дамығаны туралы таңқаларлық түсінік ала алады.

2 Рефлексивті шеңбер- оқушы ойлауының құрылымын қамтамасыз ету үшін қолдануға болатын бірқатар құрылымдар бар. Сипаттама – бағалау – талдау – қорытынды-іс-қимыл жоспары. Әр кезеңде оқушы бірнеше сұрақтарға жауап береді. Мысалы, сипаттау кезеңінде не болғанын сипаттайды. Содан кейін оқушы бағалауға көшеді, тәжірибеде неболғандығына баға береді. Содан кейін талдау кезеңінде мүмкін болатын болжамдарға және идеялар бар екеніне назар аударуды сұрайды. Қорытынды және іс-шаралар жоспары үшін келесі жолы басқаша не істейтіндігін бағалай отырып оған жету үшін қандай ресурстар қажет немесе қандай қадамдар жасау керектігін белгілейді. [4, б. 37]

3 Бас бағдар сауалнамасы (тұлғаның бағыттылығын бағалау) үш негізгі мінез-құлық шкаласының негізі: өзіне бағытталу; қарым-қатынас, іске назар аудару; [5, б. 192]

4 «Қандай да болмасын бір пікірді не білімнің ықтимал көрінісін олардың негіздерін ескере отырып, белсенді түрдетолассыз және мұқият қарастыру, осының салдарынан туындаған қорытындаларды талдау» Дж. Дьюи. Оқыту үшін алынған рефлексияның мұғалімге берері көп. Рефлексияны талдай отырып, оқытудың тиімді және тиімсіздігі туралы және оқушылардың ұсыныс-тілектерін, «Не істеп жатырмын? Осы әрекеттерімнің мақсаты қандай? Мен қалай әрекеттенудемін? Бұл маған не береді?» сұрақтарының жауаптарын аламыз. Бұл сауалдарға ол өз алдында бүкпесіз шындық тұрғысынан адал түрде жауап береді, басқа да сұрақтарды туындатып, оларға да жауап іздейді.

Педагогикалық үдерісте рефлексия белгілі бір қызмет атқарады: біріншіден, рефлексия адамға өз әрекетін жоспарлауға, түзетуге, өзінің ойын бақылауға мүмкіндік береді; екінші жағынан ойдың шынайылығын бағалап қана қоймайды, оның логикалық дұрыстығын бақылайды; үшіншіден, рефлексия белгілі бір міндеттерді шешуде нәтижеге жетуді жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге онсыз оңайлықпен шешілмейтін мәселелерді шешуге көмектеседі. [6, б. 13]

К.Д. Ушинскийдің сөзімен айтқанда «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» сондықтан, мектеп жұмысы мен оқушы

жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға болып табылатын мұғалімнің қазіргі таңдағы ұстанымы орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген сындарлы теориялық оқытуға негізделген болуы қажет деп санаймын.

Педагогтың оқыту процесінде үздіксіз жүргізілуі тиіс педагогикалық рефлексиясы жайында мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Педагог мұғалім өзіне талдау жүргізіп, кері байланыс жасай алуы оның кәсіби шыңдалуына, кәсіби тұрғыда жетілуіне мүмкіндік беретін тұлғалық сапалардың бірі болып табылады.

2. Рефлексия арқылы педагог оқушының білімді жақсырақ түсінуін дамыту үшін, сабақтарды жоспарлау, талдау және алдыңғы сабақтарын жақсартуды қамтамасыз етеді. Себебі, рефлексия оқушының оқу процесіндегі жетістікпен және сабақ мақсатына жетуімен тығыз байланысты

3. Мұғалім рефлексия арқылы әр сабақ сайын оқушылардың нені түсініп-түсінбегенін бақылайды, олай болса оқытушы өзінің кәсіби әрекетін жоспарлауды үйренеді.

4. Рефлексия педагогикалық мәселелерді шешу кезінде оқытушының зерттеушілік қабілетін дамытуға, мәселені шешуге ықпал етеді.

5. Оқытушы педагог оқу процесінде жүргізілген тиімді рефлексия арқылы әр оқушыға өзіне деген сенімділік орнатып, сыныпты одан әрі белсендендіру үшін рефлексивті оқытудың кейбір стратегияларын енгізе алады.

6. Рефлексия жасауды ойлау үдерісінің жоғары деңгейіне көтерілу деп түсінуге болады, себебі рефлексия арқылы педагог өзінің ойын жүйелеп, бақылауды және басқаруды үйренеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хмель, Н.Д Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс / Н.Д Хмель.-М.: «Ғылым»,2002.-15б.
2. Давыдов, В.В.Уровень планирования как условие рефлексии.Проблемы рефлексии/ В.В Давыдов, А.З Зак.- М.:Новосибирск, 1987.- 48с.
3. Вульф, Б.3 Педагогика рефлексии / Б.3 Вульф, В.И.Харькин- М.: Наука»,1997.-79-80с.
4. Джилли БолтонРефлексиялық практика: жазу және кәсіби даму (3-ші басылым)/ Джилли Болтон. -М.; Лос-Анджелес. (2010).-37с.
5. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления (Howwethink – Как мы мыслим.) М.: “Лабиринт”, 1999.-192с.
6. Алексеев Н. Г.Направления изучения рефлексии / Н.Г. Алексеев, И.Н. Семенов., Ладепко И.С.// Проблемы рефлексии. Современные комплексные исследования. -Новосибирск,1987.-13с.

УДК 373.1

БЛАГОПОЛУЧИЕ ШКОЛЬНИКОВ

Черданцева Наталия Викторовна
магистрант ФГБОУ ВО «АГГПУ
им. В.М. Шукшина»,
город Бийс, Россия

Аннотация

В данной статье рассматривается понятие «благополучие». Обсуждаются вопросы благополучия детей в школьном возрасте. Рассматривается, что благополучие школьников является необходимым условием формирования учебной деятельности, а также становится обязательным целевым ориентиром в работе каждого образовательного учреждения, показателем достижения современного качества образования. В статье говорится, что благополучие является неотъемлемой стороной процесса формирования мотивации личности и важным результатом образовательного процесса.

Ключевые слова: благополучие, образование, мотивация, Well-being подход.